

Уран өнімін экспорттаудан валюталық түсімнің бір бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне сату жөніндегі ставканың мөлшерін өзгерту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 ж. 26 тамыз N 1332. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Металлургия және тұтыну нарығын молықтыру жөніндегі ұлттық бағдарламалардың жобаларына енгізілген уран өнеркәсібінің конверсияланатын кәсіпорындарында жаңа қуаттарды тез арада құрудың маңыздылығын ескере отырып

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Экспорттаушы кәсіпорындарда қалатын уран өнімін экспорттаудан валюталық түсімнің бір бөлігін кедендік баж салығын төлегеннен кейін мынадай мөлшерде міндетті түрде сату белгіленсін:

- сомның белгіленген бағамы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне - 40 проценті;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейтін тәртіпке сәйкес өкілетті банкілер арқылы ішкі валюталық нарықта - 10 проценті.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бұрын қабылдаған шешімі осы қаулыға сәйкес келтірілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*